**«Қ.Билялов атындағы мектеп-лицейі» КММ қамкоршылық кеңес отырысы**
**№ 3 ХАТТАМАСЫНЫҢ ШЕШІМІ**

12.05.2020 ж Тарбағатай ауданы,Ақжар ауылы

**Қатысқандар:** 9 адам(қамқоршылық кеңес мүшелері)
Қатыспағандар: 4

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. 2020-2021 оку жылында тегін оку формасымен қамтамасыз етуін сұрап, өтініш берген отбасы балаларының әлеуметтік жағдайын анықтау.

**ТЫҢДАЛДЫ:**

1. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Бөкенов сөз алды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы N 64 Қаулысын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 Қаулысымен таныстырып өтті.

Міне, осы каулыны негізге ала отырып, 6 сынып окушысы Найманғазин Нұрасылдың анасынан түскен өтінішті қарап, қанағатандыру мақсатында кеңес отырысына ұсынып отырғандығын айтты.

Өтініш иесі Түсіпова Маржан, баласы Найманғазин Нұрасыл 6 а сыныбында оқиды. Екі баласы бар. Жолдасы қайтыс болған. Өзі жұмыс істемейді. Басқа табыс көзі жоқ, жәрдемақымен күнелтіп отыр. Екі баласы әртүрлі аусымда екі мектепте оқиды және баспанасы жаздық сарай. Түнгі уақытта жұмыс істеуге мүмкіншілігі жоқ. Атаулы әлеуметтік көмек алмайды, тұрақты жұмысы жоқ. Осы кеңес отырысының 31.01.2020 жылы №2 шешімі бойынша тегін ыстық тамақпен қамтылып келді. Жүректен- жүрекке акциясы аясында, сумка және оқу құралдармен қамтылды. Қашықтықтан оқыту барысында тегін вай-фай роутермен қамтамасыз етілді..

**ЖАРЫС СӨЗ:**

**Қасымов Талғат- кеңес мүшесі:** өтінішті қанағаттандыру дұрыс деп есептеймін.

**Шонбаева Бақытжамал- кеңес мүшесі:** Біз өтініш иесінің жағдайымен таныспыз, оқушы толық оқу формасымен қамтылуы керек. Ол отбасы үшін үлкен көмек болар еді.

**Ашумханова Жаннұр- кеңес мүшесі:** Түсіпова Маржан асыраушысы жоқ, екі баланы жәрдемақымен асырап отырған болса оқу формасынан басқа да қандай да бір көмектер көрсетілуі керек деп есептеймін.

**Исанова Орынжамал -кеңес төрайымы:** мен де өтініш иесінің өтінішін қанағаттандыру керек деп санаймын және күзде «Мектепке жол» акциясы аясында қайырымдылық шараларын ұйымдастырып көмек көрсетеміз деп ойлаймын.

**ШЕШІМ:**

1. Оқу формасымен қамту ҚР заңнамасы бойынша жүзеге асырылсын.
2. Әлеуметтік жағдайын ескере отырып, аз қамтылған отбасы ретінде Түсіпова Маржанның өтініші қанағаттандырылсын.

Қамқоршылық кеңес төрайымы: *О. Исанова* О.Исанова

Хатшы: *[signature]* С.Бітібаева